



Ақмола облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 5 қантардағы  
№ А-1/3 қаулысымен  
бекітілген



**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім  
бөлімі Садовый ауылының негізгі орта мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
ЖАРҒЫСЫ**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Садовый ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) тәрбиелік, білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында күрылған, занды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3 Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, Зандарына, Президенті мен Үкіметтің актілеріне, де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік мекеменің күрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі (бұдан әрі-күрылтайшы) болып табылады.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Садовый ауылының негізгі орта мектебі»

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 020415 индексі, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Садовый ауылы., Ы.Алтынсарин көшесі, 1А.

## 2. Мемлекеттік мекеменің занды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар

бланкілері, мөрлери болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершілікке ие болады.

11. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелуден өткеннен кейін өз күшіне енеді.

### **3. Мемлекеттік мекеме қызметінің пәні мен мақсаттары**

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні білім алушыларды жеке тұлға, қоғам, мемлекет мүддесінде оқыту және тәрбиелеу, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беруді жүзеге асыру болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оку бағдарламаларын менгеру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымның базалық негіздерін менгеруді қамтамасыз ету;

3) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен қазақ тілін құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге тәзбеуге тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдеп-ғұрпты мен дәстүрлерін зерделеу;

7) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдай жасау;

8) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

9) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

10) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету.

14. Мемлекеттік мекеменің жаңында мектепке дейінгі «Қарлығаш» шағын орталығы жұмыс істейді, ол келесі міндеттерді жүзеге асырады:

- 1) мектепке дейінгі жастағы балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дene, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін онтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- 4) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс - қымыл жасау;

5) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету.

15. Мемлекеттік мекеме оку процесін «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оку бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

16. Мемлекеттік мекеме үлгілік оку жоспарларын, оның ішінде оку процесін жүзеге асыратын қысқартылған оку жүктемесі бар оку жоспарларын дербес тандайды.

17. Бастауыш білім берудің үлгілік оку бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оку ісіндегі оң талпынысы мен машиқтарын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен менгеру үшін окудың, жазудың, есептеудің, коммуникативтік дағдылардың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

18. Негізгі орта білім берудің үлгілік оку бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін менгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі айқындауына және кәсіптік бағдарлануына бағытталған.

Үлгілік оку бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.

19. Мемлекеттік мекемеде оку және тәрбие процесі үлгілік оку бағдарламаларына және жұмыс оку жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Мемлекеттік мекемеде оқыту процесі үлгілік оку жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оку жұмыс кестесімен және сабактар кестесімен регламенттеледі.

21. Мемлекеттік мекеме үлгілік оку жоспарының инварианттық және

вариативтік компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт ғимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табигатта) өткізеді.

22. Білім алушылардың оку жүктемесі, сабак режимі МЖМБС, санитариялық қағидалар, үлгілік оку жоспарлары және денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған мемлекеттік мекеме бекіткен Ережемен айқындалады.

23. Мемлекеттік мекемедегі сабактар кестесін оның басшысы не оны алмастыратын тұлға бекітеді.

24. Мемлекеттік мекемеде балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық -эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады

25. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оку бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында, мемлекеттік мекеме «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізуіндің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес, білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

26. Мемлекеттік мекеме автоматтандырылған ақпарат алмасуды және білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен деректерді өзектендіруді және ұлттық білім беру деректер базасында деректерді өзектендіруді қамтамасыз етеді.

27. Балаларды мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындастын занға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады

28. Бастауыш, негізгі орта, орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мекемеден басқа мемлекеттік мекемеге ауыстыру растайтын құжаттар негізінде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

29. Мемлекеттік мекемедегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

30. Мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп формасы білім берудің зайырлы сипатына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес келуі керек.

31. Оқу процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

32. Білім алушылардың саны мемлекеттік мекеменің жобалық сыйымдылығынан аспауы тиіс. Қашықтан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы оқушылар санына кірмейді.

33. Сыныптардың толықтырылуы 25 оқушыдан артық емес болып белгіленеді.

Тиісті мемлекеттік органдармен шектеу іс – шаралары, оның ішінде, карантин, төтенше жағдай енгізілген жағдайларда сыныпта 15 білім алушыға дейін болатын сынып-жыныстықтар қалыптастырылады.

34. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны, шағын орталықтағы оқу жүктемесінің ең көп көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарымен белгіленеді.

35. Мемлекеттік мекемеде алқалық басқару органдары (педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогтік әдеп жөніндегі кеңес) құрылады.

36. Он алты жасқа дейінгі балаларды мемлекеттік мекемеден шығару құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны үшін, білім беру үйымының жарғысын өрекшел және бірнеше рет бұзғаны үшін уәкілетті органның шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрган кәмелетке толмағандарды мемлекеттік мекемеден шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі шағын орталықтан шығару келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) мемлекеттік мекеме мен тәрбиеленушінің ата-анасы нәмese өзге де заңды өкілі арасындағы шарттың талаптарын бұзған жағдайда;

2) тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт өткен жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы айғақтардың болған жағдайда.

37. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауға;

3) білім беру үйымдарында ақпараттық ресурстарды, оның ішінде мүгедектер, кемтар балалар үшін қолжетімді нысанда тегін пайдалануға,

окулықтармен, оку-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік үшін күралдармен, оның ішінде мүгедектер, кемтар дайындалғандармен қамтамасыз етуге жол берілмейді;

4) спорт, оқу, салтанат залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;

5) өзінің пікірін және сенімін еркін білдіруге;

6) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

7) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін мадактауға.

38. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдері құқылы:

1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру үйымдарын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру үйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) білім беру үйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпаратты алуға;

4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарттық негізде қосымша қызметтер алуға.

Ата-аналар мен өзге де занды өкілдер міндетті

1) балалардың өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың зияткерлік және дене бітімінің дамуын, адамгершілік тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) білім беру үйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

3) балалардың оқу орнындағы сабактарға қатысуын қамтамасыз етуге;

4) білім беру үйымдары қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

5) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

6) білім беру үйымында белгіленген киім нысанын сақтауға міндетті.

39. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндеттері:

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог құқылы:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті үйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;;

2) лауазымды және басқа да адамдар тарапынан заңсыз қарым-қатынастан және кедергіден қорғануға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері тарапынан мамандыққа құрметпен қарауға және тиісті мінез-құлышқа;

4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, Оқу материалдары мен оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын тандау;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ окулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру үйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді менгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен арттыруға (растаяуға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндettі мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру үйымының басшылығына өмірлік қызын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру үйымының басшылығына Қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде білім

беру үйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де занды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

Педагогтың білім беру процесінде саяси үгіттеуге, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру үшін, азаматтардың әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілілігі, діни немесе тілдік қатыстылығы, олардың дінге көзқарасы белгісі бойынша айрықшалығын, артықшалығын не кемдігін насиҳаттайтын үгіттеу үшін, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие үйымдарының, білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлттарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы дұрыс емес мәліметтер беруге, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекеттерге итермелеге құқығы жоқ. Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына нұқсан келтіретін теріс қылық жасағаны үшін педагог Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жаупкершілікке тартылады.

40. Мемлекеттік мекеме «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес қызметтер көрсетуге құқылы.

Мұлікті жалдауға (жалға алуға) беруден алынған кірісті мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады.

41. Мемлекеттік мекемеде оқыту үлгі нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бүйрігымен бекітілген орта білім беру үйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсету шартының негізінде жүзеге асырылады.

42. Мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

43. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының зандарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### 4. Мемлекеттік мекемені басқару

44. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалғантиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

45. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемеге мұлікті бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен жауаптырулар енгізеді;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мұлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзге асырады;

46. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мұлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;
- 7) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мұлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

47. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басшысы тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

48. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

49. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатынөз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

50. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

51. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында

белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тәжірибеге, қызметкерлердің қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртіп мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бүйрықтар шығарады және нұсқулар береді;
- 8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындастын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мадақтау және жазалау шараларын қолданады;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- 11) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;
- 12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 5. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

52. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құны оның тенгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың есебінен қалыптастырылады;

- 1) оған меншік иесі берген мүлікті;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

53. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге белінген құқығы жок.

54. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мордай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

55. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қарқыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі бюджеттен қарқыландырылады.

56. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

57. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

## **6. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі**

58. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қаридарымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

59. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

60. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

## **8. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер**

61. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

## **9. Мемлекеттік мекемені қайта үйымдастыру және тарату шарттары**

62. Мемлекеттік мекемені қайта үйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

63. Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

64. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

65. Таратылған мемлекеттік мекеменің мұлқін өткізу нәтижесінде альған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттанырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жеткізьлады.

Басшы

Т.А.Ә.

Қолы

Утвержден  
постановлением акимата  
Акмолинской области  
от 5 января 2021 года  
№ А-1/3



**УСТАВ**  
**коммунального государственного учреждения**  
**«Основная средняя школа села Садовое отдела образования по**  
**Атбасарскому району управления образования Акмолинской области»**

**1. Общие положения**

1. Коммунальное государственное учреждение «Основная средняя школа села Садовое отдела образования по Атбасарскому району управления образования Акмолинской области» (далее - государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме коммунального государственного учреждения для осуществления воспитательных, образовательных функций.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Государственное учреждение осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией, Законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства, иными нормативными правовыми актами и на основании настоящего Устава.

4. Учредителем государственного учреждения является акимат Акмолинской области (далее - Учредитель).

5. Уполномоченным органом соответствующей отрасли является государственное учреждение «Отдел образования по Атбасарскому району управления образования Акмолинской области» (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

6. Наименование коммунального государственного учреждения: «Основная средняя школа села Садовое отдела образования по Атбасарскому району управления образования Акмолинской области».

7. Место нахождения государственного учреждения: индекс 020415, Республика Казахстан, Акмолинская область, Атбасарский район, село Садовое, ул. Ы. Алтынсарина, 1А.

**2. Юридический статус государственного учреждения**

8. Государственное учреждение имеет бланки, печати с изображением

Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

9. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у государственного учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Республика Казахстан или административно-территориальная единица соответствующего бюджета.

11. Гражданско-правовые сделки государственных учреждений вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

### **3. Предмет и цели деятельности государственного учреждения**

12. Предметом деятельности государственного учреждения является обучение и воспитание обучающихся в интересах личности, общества, государства, реализация начального, основного среднего, образования.

13. Для достижения цели государственное учреждение осуществляет следующие виды деятельности:

1) создание условий для развития функциональной грамотности обучающихся через освоение типовых учебных программ, направленных на формирование и развитие компетентной личности;

2) обеспечение получения обучающимися базисных основ наук, предусмотренных соответствующим государственным общеобязательным стандартом образования;

3) развитие творческих, духовных и физических возможностей личности, формирование прочных основ нравственности и здорового образа жизни;

